

Электронды оқулық оқушыны ізденушілікке баули отырып, ғылым мен техниканың жетістіктеріне сәйкес жетістіктерге жетуге, ғылымға жетелеу арқылы өздерінің қабілеттерін ашуларына көмектеседі.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Құдайбергенова К.С. Құзырлылық амалының негізгі ұғымдары. — Алматы, 2007. — 134-б.
- 2 Қараев Ж. Білім беру процесіндегі танымдық әрекеттің белсенділігі. — Алматы: Жазушы, 2005. — 176-б.
- 3 Қараев Ж., Қобдиқова Ж. Технологиялар негізінде педагогикалық жүйені модернизациялау мәселелері. — Алматы: Жазушы, 2005. — 98-б.
- 4 Сабыров Т.С. Болашақ мұғалімдердің дидактикалық дайындығын жетілдіру. — Алматы, 1999. — 78-б.

Ж.С.Баймолдина

О совершенствовании знаний учащихся

В статье рассматриваются основные цели и задачи преподавания истории согласно образовательному стандарту. Автором показаны возможности применения интерактивной доски, электронных учебников, других современных информационных технологий и их значение в совершенствовании методики преподавания отечественной истории, представлена подготовка тестовых заданий, иллюстраций, видеоматериалов как один из методов преподавания истории.

J.S.Baymoldina

Improving the knowledge and qualifications of students or disciples

Article J.S.Baymoldina devoted to the basic aims and objective of the teaching of history according to educational standards, as well as the use of interactive whiteboards, electronic textbook of modern information technology and their importance in improving the teaching methodology of national history. The article deals with the preparation of test, image, video as method of teaching history.

С.Д.Ізтілеуова

№ 39 М.Жұмабаев атындағы гимназия, Қарағанды

Тарих сабағында тарихи сананы қалыптастыру жолдары

Мақалада оқытушының сабақ үрдісінде оқыту технологиясының инновациялық әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, ұстаз оқушыларды Отан сүйгіштікке, ұлтжандылыққа тәрбиелей отырып, тарихи сананы қалыптастырудың әдістерін көрсетті. 9-шы сыныпта Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс тақырыбын топтық жұмыс түрінде өткізудің әдісін және Алаш қозғалысы тақырыбын оқытудың бүгінгі өмірмен байланыстыра оқытудың әдістемелерін ұсынды.

Кілтті сөздер: тарих сабағы, тарихты оқыту, тарихи сана, инновациялық әдіс, отансүйгіштік, ұлтжандылық, Алаш қозғалысы, әлеуметтік орта, қоғам тұтастығы, тұрақтылық.

«Тарих тек ғылым үшін зерттелмейді, ол ең алдымен тарихтан тағылым, сабақ алу үшін зерттеледі», — деп Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев өз еңбегінде атап өткен болатын [1].

Ендеше, жас ұрпақтың дүниетанымында шынайы да, әділ тарихи сананың қалыптасуында тарих пәнінің маңызы зор.

Тарихи сана — жан-жақты дамыған тұлғаның басты құралдарының бірі. Тарихи сана, тарихи құбылыстарды бұрмалау түрінде емес, объективті себеп-салдар байланысы, оппозициялық ой-идеялар тартыстарының нәтижесі.

Ұлттың болашағы — ұрпағында болса, ұрпақтың тәрбиесі — ұстаз қолында.

Ал мұраты — жетілген, толыққанды азамат тәрбиесі ұлттық және азаматтық құндылықтардың, ғылым мен тәжірибенің жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыру және дамыту үшін басты жағдайлар жасау.

Тарихты оқу барысында оқушылар отаншылдыққа, өз халқына, басқа да халықтарға деген сүйіспеншілікке, жауынгерлікке, еңбексүйгіштікке, Отан үшін кез келген қиындыққа әзір тұруға халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастыққа, қоғам үшін, халық үшін, ел үшін қызмет жасауға дайын болуға тәрбиеленеді. Біздің мақсатымыз — осы қасиеттерді шәкірттер бойына сіңіру.

Сабақ үрдісінде оқыту технологиясының инновациялық әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, ұстаз оқушыларды отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа, ата-баба мұраларын құрметтеп қадірлеуге, туған елі мен жері үшін мақтаныш сезімін қалыптастыруға тәрбиелеу қажет.

Тарихи қайраткерлердің алға қойған мақсатқа жету үшін жасаған іс-әрекеттері, жүзеге асырған іс-шаралары, әсіресе сын сағатта қиын жағдайда дұрыс шешім қабылдауы, Жәңгір ханның жоңғарлармен соғысқан атақты «Орбұлақ шайқасы» жаудың 50 мың әскеріне қазақтың 600 сарбазының қарсы тұрып, жеңіске жетуін оқушыларға жан-жақты қосымша тарихи деректер арқылы жеткізу оқушыларды патриотизмге тәрбиелеп, ерліктің адамзат таң қалатындай үлгісін көрсетуі мақтаныш, сүйіспеншілік сезімін туғызары сөзсіз. Сын сағаттарда дұрыс шешім қабылдай білген, сол арқылы елін, жерін аман алып қалған Абылай, Әбілқайыр, Тәуке хандардың іс-әрекеттері жеке басы қасиеттерінің алдына қойған мақсатына сай келуін сабақ үрдісінде үнемі оқушыларға жеткізіп отыру оқушыда жоғары адамгершілік сапаны қалыптастырады.

Айтулы билеріміз Қазыбек, Төле, Әйтекелердің даналық сөздерімен халықты жауға қарсы топтастырғанын, жігерлендіргенін қосымша деректерді, көркем әдебиеттерді пайдалана отырып жеткізу, ұлылардың ұлағат сөздерін оқыту оқушылардың бойына отансүйгіштік, адамгершілік сезімдерін ұялатады.

9-сыныпта туған жерінің азаттығы мен бостандығы үшін жанын берген Кенесары батырдың ұлт-азаттық көтерілісі тақырыбын топтық жұмыс түрінде өткізіп, оқушыларға топтық, шығармашылық тапсырмалар берілді. I-топқа — Кенесары — мемлекет қайраткері, реформатор; II-топ — Кенесары — азаттық жолындағы күрескер, III-топ — Кенесары — талантты қолбасшы. Оқушылар сабақ үрдісінде қызығушылықпен, шығармашылық белсенділікпен жұмыс жасады, өзіндік көзқарастары қалыптасты.

«Алаш қозғалысы» тақырыбын өткенде Ә.Бөкейхановтың, А.Байтұрсыновтың елі үшін сіңірген еңбектеріне тоқтала отырып, зиялылардың сол кезеңдегі алдына қойған мақсаттарының, армандарының дұрыстығын бүгінгі күннің дәлелдегенін өмірмен байланыстыра түсіндіру қоғамға деген дұрыс көзқарасты дамытады.

Қарағанды мемлекеттік университетінің тарих факультетінің студенттері тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Бейсенбекова Нұрсахан Ахметовнаның жетекшілігімен №39 гимназияда педагогикалық практикадан өту барысында мектеп оқушыларымен, пән мұғалімдерімен бірлесе отырып, «Тәуелсіздік және Алаш», «Мағжан тағылымы» тақырыбында өткізген ғылыми-практикалық конференция, тәрбие кештері оқушылар, студенттер бойына азаматтық, патриоттық, отансүйгіштік сезімдерді ұялатары сөзсіз.

Тарих сабағында проблема қойып оқыту әдісінің маңызы зор, проблемалық сұрақтармен жұмыс оқушыларды ізденіске, сұраққа жауап ізденуге жетелейді. Тарих пәні бойынша проблемалық-ситуациялық әдісті, пікірсайыс тәсілін көбірек пайдалануға болады. Осы әдісті жүзеге асыру үшін ең әуелі сабақта проблеманы дұрыс қою шарт. Оқушылар проблемалық сұрақтарды шешу үшін өз ұсыныстарын, пікірлерін, ойларын, проблеманы шешудегі көзқарастарын білдіреді. Бұл пікір алуандығының салтанат құруына алып келеді.

Қоғамда ой-сана алуандығын туғызу мемлекетті барлық жағынан өркендету негіздерінің бірі болып табылады. Пікірсайыс — нағыз азат ой қорытындысының жемісі. Кеңес үкіметі кезінде жетекші саясат қаншалықты үстем болсын, әр кезде, әрқашан оған баламалы ойлар болғаны тарихи заңдылық, шындық.

Ресейдің отаршыл саясатына қарсы тұрған Ә.Бөкейханов «қазақ халқына отаршылыққа көшу үшін 250 жыл қажет» десе, Голошекин қазақ жерін 2–3 жылда отаршылыққа күшпен көшіріп, халықты қырғынға ұшыратқанын оқушыларға сабақ барысында жеткізу тарихи шындықтың бетін ашады [2].

Оқушылардың дүниеге ғылыми көзқарасын қалыптастыру дегеніміз — табиғаттың да, қоғамның да белгілі бір заңдылықпен дамитындығын дәлелдеу.

Дүниеге ғылыми көзқарасты қалыптастыруда адамгершілікке, имандылыққа, ізгілікке тәрбиелеуде «Тарих» пәнінің орны ерекше.

«Адам және қоғам» пәнінен «Қазақ ойшылдары адам және қоғам туралы» тақырыбын өткенде, Абайдың дүниетанымына тереңірек тоқталдық.

Абай — өз заманының парасат иесі. Ол замана қайшылықтарын шешудің дұрыс бағытын көрсете білген ақын. Оның дүниетанымындағы философиялық көзқарастары жайлы түсінік беру оқушылардың дүниеге қоғамға көзқарастарын қалыптастыруға әсерін тигізеді.

Дүниені тануға, дамытуға көмектесетін құдіретті күш — білім мен тәрбие. Ұлы Абайдың бойында терең білім мен терең ой да жеткілікті болған. Оның шығармаларында, қара сөздерінде осы философиялық ой-пікірлер жан-жақты берілген. Осыны сабақ үрдісінде оқушыға дұрыс, жан-жақты тиімді, сапалы жеткізу олардың дүниетанымын дұрыс қалыптастырады.

Абайдың «Сен де бір кірпіш дүниеге кетігін тап та, бар қалан» деген сөзінде терең философиялық ой жатқанын болашақ ұрпаққа жеткізе білу маңызды.

Оқыту барысында тәрбиелік міндеттердің дұрыс анықталуының мәні зор. Себебі сабақтың қандай көзқарастарды қалыптастыру бағытында жүргізілетінін алдын ала белгілеу, пайдаланатынын тарихи құжат пен алынатын үзінділердің адамгершілік ұстанымдары, алдыңғы қатарлы дәстүрді, ерлікті, батылдықты, тарихи қайраткерлердің тамаша қасиеттерін, іс-әрекеттерін шындық тұрғысынан көрсете алуы құндылықтарды насихаттауға, адамгершілік тәрбиенің жүзеге асуына көмектеседі.

Оқушыларды отаншылдыққа, халықтар достығына тәрбиелеу үшін сабақта:

- халықтардың алдыңғы қатарлы дәстүрлерін нақты мысалдармен ашып көрсету;
- көрнекті қайраткерлердің де қарапайым халық өкілдерінің де тарихтағы халық алдындағы қызметін, еңбегін атап көрсету;
- халықтар достығын, ынтымақтастығын ашып көрсету;
- мемлекет пен үкімет тарапынан қабылданған құжаттарды, өлкетану материалдарын тиімді пайдалану қажет.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан–2030» бағдарламасында: «Қоғамның саяси тұрақтылығы мен бірлігін жүзеге асыруда қазақстандықтардың байсалдылығы мен төзімділігі, кеңпейілділігі мен ақжарқындығы басты фактор болып табылады» деп атап көрсетті [3]. Қазақстан — көп ұлтты мемлекет. Ұлтаралық ынтымақтастық пен өзара татулыққа ерекше мән беруіміз керек. Әлеуметтік орта мен қоғам тұтастығы, тұрақтылығы «азаматтардың патриоттық тәрбие» ұғымын қаншалықты деңгейде сезінетіндіктеріне, түсінетіндіктеріне байланысты болады. Бұның барлығы патриоттық тәрбие жүйесі тиімділігінің дамуы мен беки түсуінің ерекше маңыздылығының негізі болып отыр.

Қазақстан сияқты көптеген көп ұлтты мемлекеттер үшін де бұл мәселенің орны ерекше. Азаматтық пен патриотизм тәрбиесінде маңызды орын білім жүйесінде беріледі.

Тарихи материалдарды оқыта отырып, ерлікке, жауынгерлікке тәрбиелеу маңызды. Ондағы мақсат — елін, халқын жаудан қорғай алатын батыл да ержүрек патриот тәрбиелеу. Ондай материалдарға:

- 1) жаппай ерліктің, батырлықтың үлгісін көрсеткен шайқастар;
- 2) сырттан келген басқыншыларға жан аямай соғысқан халықтың ерлігі, ынтымақтастықтың, достықтың көрінісі болған 1941–1945 жж. Ұлы Отан соғысы, қазақстандықтардың қатысуы, Жеңістің маңызы, биылғы Жеңістің 65 жылдық мерейтойы;
- 3) қазақстандық ержүрек батырлар, олардың ерліктері жатады.

Елбасымыз «Қазақстан–2030» Жолдауында негізгі бағыттардың бірі — жоғары құқықтық сана мен құқықтық мәдениет деп атап көрсетті [3].

Құқықтық сауатты адамдар дайындау — біздің міндетіміз. Құқықтық сауатты адам қылмысқа ұрынбауға әрекет жасайды. Өмір сүрудің тиімді жолдарын өз бетімен шешуге ұмтылады.

Қазіргі кезде Қазақстан «Қазақстан–2030» даму стратегиясында басты басымдылықтардың бірі болып табылатын мемлекеттік жастар саясаты тиімділігін арттыру үшін жағдай жасауға жан-жақты көмектеседі [3].

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан жастарының II Конгресс қатысушыларымен кездесу барысында: «XXI ғасыр — белсенді өмірге қадам басқан және ел, халық,

отбасы тағдырына жауапкершілікті өз мойнына алатын жастардың ғасыры болуы керек» деген болатын [4].

Патриоттық тәрбие — тарихи сананы қалыптастырудың басты негіздерінің бірі.

Патриоттық тәрбие жүйесінің дамуы жастар саясатының негізгі мақсаттарының бірі болып табылады және ол төмендегіше топшыланады:

- жастардың әлеуметтік-маңызды құндылықтарды, оқыта тәрбиелеу процесі барысында азаматтық пен патриотизмді меңгеруі, қалыптастыруы, дамытуы;
- атқарушы билік органдары, қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктер жүзеге асыратын бұқаралық патриоттық жұмыстар;
- бұқаралық ақпарат құралдары, ғылыми және басқа да ұйымдар, патриоттық тәрбие мәселелерін қарастыруға, айқындауға бағытталған шығармашылық одақтар, Отан азаматының тұлғасын дамыту мен қалыптастыру.

Рухани-адамгершілік, әскери-патриоттық тәрбиелер патриоттық тәрбиенің негізгі бағыттары болып табылады.

Патриоттық тәрбие Отан азаматы мен патриотында болатын қасиеттер бойынан табылатын және соғыс пен бейбітшілік кезінде де өзінің азаматтық міндеттерін сәтті орындайтын тұлғаны қалыптастырып, дамытуға бағытталған.

«Өлкетану — бұл, бәрінен бұрын, өз өлкесін сүйу», — деген болатын әйгілі аймақтанушы, профессор С.Шмидт.

Өлкетану ақпаратының негізгі көздері:

- мерзімдік басылым (газет, журнал, жыр жинақтары);
- көркем әдебиет;
- мұрағат қорлары;
- мұражай мұрағаттары;
- мәдениеттің материалдық іздері (мүсін өнері, сәулет өнері, шығармалар);
- статистика мәліметтері.

Өлкетану жұмыстарының негізгі принциптері:

- жүйелілік кадам;
- деректердің мөшерлі нақтылығы.

Патриоттық тәрбиені дамыту үшін халықтың әр түрлі категориясының нәтижелілік көрсеткіштерін білу керек. Олар — төменгі сынып оқушылар: «Отан», «туған жер», «мемлекет» ұғымдарының мағынасы; Қазақстан халқының жауынгерлік, еңбек дәстүрлерін түсіну; Отанының, туған өлкесінің, өз тегінің шығу тарихының, өз отбасының өткен тарихының негізін білу; мәдени-тарихи, ұлттық, жалпы адами, рухани-адамгершілік құндылықтармен танысу;

- жасөспірімдер: өзінің туған жері, жақындарымен мақтаныш сезімінің қалыптасуы; әлемдік өркениет тарихындағы Қазақстанның тарихи жолы туралы ерекше көрінісі, Қазақстан мемлекетінің тарихи-мәдени рәміздерін түсіну;

- жоғары сынып оқушылары: патриоттық сана-сезім тұтастығын қалыптастыру; әскери қызметті атқаруға оң көзқараспен қарау; Отанының, туған жерінің, елінің қаһармандық тарихы қарым-қатынасына патриоттық сезім деңгейін дамыту; әлеуметтік құндылықтарды таңдау бағыты мен сипаты; салауатты өмір салтын ұстау талабы, дене шынықтырумен, спортпен айналысуы; азаматтық даму деңгейі.

«Өткенсіз — бүгін, бүгінсіз — болашақ тұл». Өсер ұрпақ тарихтан тағылым алмай, болашаққа батыл кадам жасай алмайды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің еңбегінде: «Біздің жас мемлекетіміз өсіп келе жатыр, біздің балаларымыз бен немерелеріміз де бірге өсіп келеді. Олар өз ұрпақтарының қуатты және жауапты өкілдері болады. Олар өз ата-бабаларының дәстүрін сақтай отырып, нарықтық экономика шарттарында жұмыс істеуге дайын болады. Олар өздерінің бейбітшіл, гүлденуші, жылдам өсуші, барлық әлемге сыйлы және танымал мемлекетінің патриоты болады», — деген болатын [1].

Ендеше, Қазақстанда жас ұрпақты тәрбиелеу барысында тарихи сананы қалыптастырудың рөлі зор екендігін осыдан көруге болады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. — Алматы: Атамұра, 1999. — 296-б.
- 2 Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалар жинағы. — Алматы: Жазушы, 1985. — 560-б.
- 3 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан–2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы // Қазақстан сарбазы. — 1997. — № 85. — 4 қараша.
- 4 Азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасы. (Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы ел халқына Жолдауында белгіленген Демократиялық реформалардың жалпыұлттық бағдарламасына және Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясына сәйкес әзірленді).

С.Д.Изтулеуова

Пути формирования исторического сознания на уроках истории

В статье рассматривается применение инновационных технологий в преподавании истории. Автор подчеркивает, что их применение способствует формированию исторического сознания молодого поколения. Формирование исторического сознания показано на основе опыта преподавания конкретного исторического материала.

S.D.Iztuleuova

Ways of forming historical ideology in history class

Article S.D.Iztuleuova considers the application of innovation technology in the teaching of history, the author stresses that the use of innovative technology contributes to the formation of historical consciousness of young generation. Formation of historical consciousness examines the experience of teaching a specific historical material.

Қ.С.Смағұлова

*№ 7 Жамбыл атындағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаты, Қарағанды***Орта мектептерде «Қазақстан тарихы» пәнін оқытудың кейбір мәселелері**

Мақалада әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, Отан тарихын оқытудың бірыңғай тәсілін өңдеудегі жоғары және орта мектептердің ынтымақтастығы, Отан тарихын оқытудың мәселелерін анықтау, мектептер мен жоғары оқу орындарындағы тарих сабағында инновациялық технологияларды өңдеу мен оларды қолдану, сонымен қатар Қазақстан тарихы жөнінде жаңа ұрпақ оқулықтарын жасау сұрақтары қарастырылды.

Кілтті сөздер: Қазақстан, тәуелсіздік, Қазақстан тарихы, төл тарих, демократиялық үрдістер, азаматтық қоғам, саяси реформалар, білім беру, кенестік кезең, ұрпақ.

Қазақстан тәуелсіздік алған осы жылдар ішінде еліміз үлкен өзгерістерге қол жеткізді. Ел ішінде экономиканың салалары барған сайын даму үстінде. Демократиялық үрдістер мен азаматтық қоғамға бастайтын саяси реформалар жүргізілуде. Осылармен қатар білім беру саласы да маңызды реформаларды басынан өткеруде.

Кенестік кезеңде КСРО тұсында қалыптасқан білім беру жүйесінің өзіндік дәстүрлері, құндылықтары мен артықшылықтарына қарамастан, ұлт республикаларында ана тілдері мен тарихтарына өте аз сағат бөлінді және тарих оқулықтары кеңестік идеологияға сәйкес бұрмаланып жазылған. «Қазақ тарихы» жеке пән ретінде 1960–1961 оқу жылына дейін оқылмай келді.

Қазақстанның білім беру жүйесі еліміздің Конституциясының қағидаларына, «Қазақстан–2030» Стратегиялық бағдарламасына, ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған жолдауларына, сонымен бірге халықаралық білім саясатына арналған құжаттарға негізделеді. Осыған